



Qazaqstan Respýblıkasy Zańnama jáne quqyqtyq aqparat institýtynyń

JARSHYSY

gylymi-quqyqtyq jýrnal №1 (72)-2023

Құрылтайшы және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМК
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz
сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒССҚК 14.02.2022 ж.
№38 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәрпеков Р.Қ. - з.ғ.к., Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері (Астана, Қазақстан) –
(төраға)
Абайділинов Е.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Астана, Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Жанғарашев Р.М. – LL.M. (Астана,
Қазақстан)
Исмағұлов К.Е. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Ишеев К.А. – з.ғ.д., доцент (Мәскеу, Ресей)
Қазбаева Ә.Г. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Киязова А.Ж. – LL.M. (Астана, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Мұрзашев Қ.Т. – (Астана, Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск, Ресей)
Примашев Н.М. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Салыкова Д.Ө. – (Астана, Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қырғызстан)
Финик Д.А. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)

Редактор – Қолтубаева Г.Б.
Беттеуші – Тасирова А.С.
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алғашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ., Қабанбай-батыр даңғ.,
19, С-блогы, 306-каб., тел.: 8(7172) 26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы..... 7

Мемлекет және құқық теориясы

В.М. СЫРЫХ, Б.О. АЛТЫНБАСОВ Материалистік
теория бойынша құқықтың мүмкіндіктен ақиқатқа
өту механизмі 13

Конституциялық және әкімшілік құқық

А.Б. БЕКМАҒАМБЕТОВ, А.Р. ЕНСЕБАЕВА,
А.Т. ИСМАҒҰЛОВА Қазақстан Республикасының
еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардан
міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасын
жетілдірудің өзекті мәселелері 24
К.Р. БАЛАБИЕВ, А.К. ҚҰРМАНОВА Заңдылық
пен құқықтық тәртіп - ұлттық мемлекеттілікті
дамытудың заманауи маңызды құқықтық
факторлары 33

Г.А. ҚУАНАЛИЕВА, С. ӘДІЛҒАЗЫ,
М.Н. ӘБШЕВА Жаңа Қазақстанның құқықтық
жүйесіндегі Әлеуметтік кодекстің орны мен маңызы 43

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

А.М. НҰРМАҒАМБЕТОВ, А.О. МАКРУШИН
Жаңа Қазақстан және әділетті еңбек..... 52
С.К. ИДРЫШЕВА, Т.В. КЛИМОВА Коммерциялық
емес ұйымдар корпоративтік қатынастардың
субъектілері ретінде 60
А.А. АМАНГЕЛДІ Зияткерлік меншік саласындағы
құқықтарды беру 72
В.Т. КОНУСОВА Қазақстан Республикасының
азаматтық іс жүргізу заңнамасындағы әділеттілік
санаты..... 81

Л.Қ. ЕРКИНБАЕВА, Д.Н. БЕКЕЖАНОВ,
Б. ҚАЛЫМБЕК Экологиялық ақпарат және оның
Қазақстан Республикасының халықаралық
экологиялық-құқықтық ынтымақтастығын жүзеге
асырудағы маңызы 91

Қ. ҚОЙШЫБАЙҰЛЫ, Д.З. КОПБАЕВ,
А.Б. БИДАЙШИЕВА Блокчейн мен крипто-
валюталарды құқықтық реттеу: Қазақстан Респуб-
ликасының аумағында токендер шығарудың мәселелері
мен болашағы және олардың айналымы 98

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

Р.К. СӘРПЕКОВ Судьяның, алқабилердің тәуелсіз-
дігін қамтамасыз етудің және сот қызметінің тиімділігін
арттырудың жекелеген кепілдіктері 108
А.Н. АҚПАНОВ, Л.К. КУСАИНОВА Мүліктік
кепілгерлік дербес қылмыстық іс жүргізу бұлтартпау
шарасы ретінде 122

Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Қылмыстық сот ісін жүргізуде жәбірленушілерді қорғау (Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания)	132
С.С. ҚАРЖАУБАЕВ, А.Қ. ОРАЗБЕКОВА Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық шараларын күшейту туралы мәселеге.....	140
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	
В.Х. СЕЙТИМОВА Халықаралық процессуалды стандарттарының үйлесімділігі құқықтық жетістік немесе қол жетпес идеал (ЕАЭО сотының үлгісі негізінде).....	148
Л.Б. БОГАТЫРЕВА, Б.А. ТАЙТОРИНА, А.М. СӘТБАЕВА Ұлттық денсаулық сақтау жүйелерін халықаралық құқықтық реттеу: инфекциялық аурулар пандемиясындағы трансформация туралы дискурс	158
К.Ж. ҚУАНДЫҚОВ, М.Қ. ЖҮСІПБЕКОВА Сыртқы экономикалық мәмілелер ұғымы және оның ерекшеліктері.....	168
Р. МАРХАБА, Ж.Т. САЙРАМБАЕВА Қытай мен Қазақстан арасындағы арбитраждық механизмдерді салыстырмалы зерттеу	177
А.А. НУКУШЕВА, Г.Т. БАЙСАЛОВА, М.Т. БЕЙСЕНБАЕВА Медициналық қалдықтарды өңдеу мен кәдеге жаратуды құқықтық реттеу: Қытай тәжірибесі және оны Қазақстанда қолдану мүмкіндігі	186
ФУ ТИН, К.Ж. АЛТАЕВА Тарифтер мен сауда-саттық туралы Бас келісімнің ХХ-бабы тұрғысынан көміртегі тарифтерін құқықтық талдау	196
Құқықтық мониторинг	
К.Е. ИСМАГУЛОВ, К.А. ИСАЕВА, Ж.З. ЗИЯТОВА Қылмыстық-процестік кодексінің тиімділігінің мәселелері	205
А.Ж. КИЯЗОВА Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметін өзін-өзі реттеудің құқықтық негіздері.....	214
Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан	
Г.К. АҚЫЛБЕКОВА, З.К. ЖАНГАБУЛОВА Салалық терминология және терминжасам қағидаттары	224
Жас ғалым мінбері	
Н.М. БЕРДЫБАЕВ Халықаралық университет: түсінігі, ғылыми доктринадағы даму тенденциялары және құқықтық реттеу механизмі	233
З.Н. АМАНЖОЛОВА «Төтенше жағдай» түсінігінің мәселелері.....	243
А.Р. КУМАРБЕКОВА Жаңа Қазақстан: конституциялық реформаның негізгі бағыттары	250
Э.С. ҚУАНДЫҚОВА Қазіргі тандағы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қолдау: құқықтық мәселелер мен перспективалар.....	258
«Жаршының» архивтегі беттері	
А.М. АЙТУАРОВА PhD М.Ж. Куликпаеваның «Цифрлық технологияларды дамыту тұрғысында жеке өмірге құқығын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық негіздері» атты ғылыми жарияланымына қайта оралғанда	267
Библиография	
К.Х. РАХИМБЕРДИН Қылмыстық құқық: проблемалар және даму парадигмасы (М.Р. Гетаның «Уголовное право: пределы, объекты и средства воздействия в борьбе с преступностью в современной России» атты монографиясына рецензия. – Мәскеу: НОРМА, 2016. – 316 б.).....	276



ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал №1 (72)-2023

Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации
Республики Казахстан»
Издаётся с 2006 года
Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz
Включен в перечень изданий для публикации
основных научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ КОКСОН МОН РК №38
от 14.02.2022 г.)

Состав Редакционного совета
Сарпеков Р.К. – к.ю.н., Заслуженный
деятель Казахстана (Астана, Казахстан) –
(председатель)
Абайдылиев Е.М. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Барнаул, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Астана, Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Унзила Шапак – д.ю.н. (Астана, Казахстан)

Главный редактор
Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)
Джангарашев Р.М. – LL.M (Астана,
Казахстан)
Исмагулов К.Е. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Ишсков А.Ж. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Кулжабаева А.Г. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Князова А.Ж. – LL.M (Астана, Казахстан)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Мурзаев К.Т. – (Астана, Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Россия)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Каменогорск,
Казахстан)
Салыкова Д.О. – (Астана, Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)
Финк Д.А. – к.ю.н. (Астана, Казахстан)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**
Верстка – **Тасирова А.С.**
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и коммуникаций
Республики Казахстан (Первичная постановка
на учет №6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан, 010000,
г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19,
блок С, каб. 306, тел.: 8(7172)26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Колонка редакции	9
Теория государства и права В.М. СЫРЫХ, Б.О. АЛТЫНБАСОВ Материалисти- ческая теория права о механизме перевода права из возможности в действительность	13
Конституционное и административное право А.Б. БЕКМАГАМБЕТОВ, А.Р. ЕНСЕБАЕВА, А.Т. ИСМАГУЛОВА Актуальные вопросы совершенствования законодательства Республики Казахстан об обязательном социальном страховании от несчастных случаев, связанных с трудовой деятельностью	24
К.Р. БАЛАБИЕВ, А.К. КУРМАНОВА Законность и правопорядок - важнейшие правовые факторы развития национальной государственности в условиях современности	33
Г.А. КУАНАЛИЕВА, С. АДИЛГАЗЫ, М.Н. АБИШЕВА Место и значение Социального кодекса в правовой системе нового Казахстана.....	43
Гражданское и гражданско-процессуальное право А.М. НУРМАГАМБЕТОВ, А.О. МАКРУШИН Новый Казахстан и справедливый труд	52
С.К. ИДРЫШЕВА, Т.В. КЛИМОВА Некоммер- ческие организации как субъекты корпоративных отношений	60
А.А. АМАНГЕЛЬДЫ Оборотоспособность прав в сфере интеллектуальной собственности.....	72
В.Т. КОНУСОВА Категория справедливости в гражданском процессуальном законодательстве Республики Казахстан	81
Л.К. ЕРКИНБАЕВА, Д.Н. БЕКЕЖАНОВ, Б. КАЛЫМБЕК Экологическая информация и ее значение в осуществлении международного эколого- правового сотрудничества Республики Казахстан.....	91
Қ. ҚОЙШЫБАЙҰЛЫ, Д.З. КОПБАЕВ, А.Б. БИДАЙШИЕВА Правовое регулирование блокчейн и криптовалют: проблемы и перспективы выпуска токенов и их оборот на территории Республики Казахстан	98
Уголовное право и уголовный процесс Р.К. САРПЕКОВ Отдельные гарантии обеспечения независимости судьи, присяжных заседателей и повышения эффективности судебной деятельности	108
А.Н. АХПАНОВ, Л.К. КУСАИНОВА Имущественное поручительство как самостоятельная мера уголовно- процессуального пресечения	122

Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Защита потерпевших в уголовном судопроизводстве (Республика Казахстан и Великобритания).....	132
С.С. КАРЖАУБАЕВ, А.К. ОРАЗБЕКОВА К вопросу об усилении уголовно-правовых мер противодействия теневой экономике.....	140
Международное право и сравнительное правоведение	
В.Х. СЕЙТИМОВА Гармонизация международных процессуальных стандартов: идея правовых достижений или недостижимый идеал (на примере суда ЕАЭС).....	148
Л.Б. БОГАТЫРЕВА, Б.А. ТАЙТОРИНА, А.М. САТПАЕВА Международно-правовое регулирование национальных систем здравоохранения: дискурс трансформации в условиях пандемии инфекционных болезней	158
К.Ж. КУАНДЫКОВ, М.К. ЖУСУПБЕКОВА Понятие и особенности внешнеэкономических сделок	168
Р. МАРХАБА, Ж.Т. САЙРАМБАЕВА Сравнительное исследование арбитражных механизмов между Китаем и Казахстаном.....	177
А.А. НУКУШЕВА, Г.Т. БАЙСАЛОВА, М.Т. БЕЙСЕНБАЕВА Правовое регулирование обращения и утилизации медицинских отходов: опыт Китая и возможности его применения в Казахстане	186
ФУ ТИН, К.Ж. АЛТАЕВА Правовой анализ углеродных тарифов с точки зрения статьи XX Генерального соглашения по тарифам и торговле.....	196
Правовой мониторинг	
К.Е. ИСМАГУЛОВ, К.А. ИСАЕВА, Ж.З. ЗИЯТОВА Проблемы эффективности Уголовно-процессуального кодекса	205
А.Ж. КИЯЗОВА Правовые основы саморегулирования оценочной деятельности в Республике Казахстан	214
Из практики законотворчества на государственном языке	
Г.К. АКЫЛБЕКОВА, З.К. ЖАНГАБУЛОВА Отраслевая терминология и принципы терминообразования.....	224
Трибуна молодого ученого	
Н.М. БЕРДЫБАЕВ Международный университет: понятие, тенденции развития в научной доктрине и механизме правового регулирования	233
З.Н. АМАНЖОЛОВА Проблемы понятия «чрезвычайное положение».....	243
А.Р. КУМАРБЕКОВА Новый Казахстан: основные направления конституционной реформы	250
Э.С. КУАНДЫКОВА Государственная поддержка в сфере сельского хозяйства в современных условиях: правовые проблемы и перспективы	258
Архивные страницы «Вестника»	
А.М. АЙТУАРОВА Возвращаясь к научной публикации PhD М.Ж. Куликпаевой «Международно-правовые основы обеспечения права на частную жизнь в контексте развития цифровых технологий»	267
Библиография	
РАХИМБЕРДИН К.Х. Уголовное право: проблемы и парадигма развития (Рецензия на монографию М.Р. Гета «Уголовное право: пределы, объекты и средства воздействия в борьбе с преступностью в современной России». – Москва: НОРМА, 2016. – 316 с.).....	276



Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal №1 (72)-2023

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №38 from 14.02.2022)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. – c.j.s., Honored Worker of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan) – (Chairman)
Abayeldinov E.M. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Barnaul, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Muromcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Malinovskiy V.A. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Unzila Shapak – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Chief Editor

Dyussenov Ye.A. – c.j.s.

Editorial Board members

Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Russian)
Dzhangarashev R.M. – LLM (Astana, Kazakhstan)
Ismagulov K.Y. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Ishekov K.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Kazbayeva A.G. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Kiyazova A.Zh. – LLM (Astana, Kazakhstan)
Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Murzashev K.T. – (Astana, Kazakhstan)
Nurmagambetov R.G. – PhD (Chelyabinsk, Russian)
Primashev N.M. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)
Salykova D.O. – (Astana, Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)
Fink D.A. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Editor – **Koltubaeva G.B.**
Layout – **Tasirova A.S.**
Tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)

Address: The Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, Kabanbay-batyr ave., 19, block C, office 306, tel.: 8(7172) 26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Editorial11

Theory of State and law

V.M. SYRYKH, B.O. ALTYNBASSOV Materialistic theory of law about the mechanism of translation of law from possibility into reality..... 13

Constitutional and Administrative Law

A.B. BEKMAGAMBETOV, A.R. YENSEBAYEVA, A.T. ISMAGULOVA Current issues of improvement of the legislation of the Republic of Kazakhstan on compulsory social insurance against work-related accidents.....24

K.R. BALABIYEV, A.K. KURMANOVA The rule of law and order being the most important legal factor of the development of a national statehood in current reality33

G.A. KUINALIYEVA, S. ADILGAZY, M.N. ABISHEVA The place and significance of the Social code in the legal system of new Kazakhstan43

Civil and Civil Procedure Law

A.M. NURMAGAMBETOV, A.O. MAKRUISHIN New Kazakhstan and fair work.....52

S.K. IDRY SHEVA, T.V. KLIMOVA Non-profit organizations as subjects of corporate relations.....60

A. AMANGELDY Transferability of rights in the sphere of intellectual property72

V.T. KONUSOVA The category of fairness in the civil procedural legislation of the Republic of Kazakhstan81

L.K. YERKINBAYEVA, D.N. BEKEZHANOV, B. KALYMBEK Environmental information and its importance in the implementation of international environmental and legal cooperation of the Republic of Kazakhstan.....91

K. KOISHYBAIULY, D.Z. KOPBAYEV, A.B. BIDAYSHIYEVA Legal regulation of blockchain and cryptocurrency: challenges and prospects of token buying and their turnover in the Republic of Kazakhstan98

Criminal law and Criminal procedure

R.K. SARPEKOV Separate guarantees of ensuring the independence of judges, jurors and improving the efficiency of judicial activity108

A.N. AKHPANOV, L.K. KUSAINOVA Property surety as an independent criminal procedural measure of restraint.....122

E.N. KALIAKPEROVA Victim protection in criminal proceedings (Republic of Kazakhstan and UK).....132

S.S. KARZHAUBAYEV, A.K. ORAZBEKOVA On the issue of strengthening criminal law countermeasures shadow economy.....140

International law and Comparative law	
V.KH. SEITIMOVA Harmonization of international procedure standards: the idea of legal achievements or an unreachable ideal (by the example of the EAEU court)	148
L.B. BOGATYREVA, B.A. TAITORINA, A.M. SATPAYEVA International legal regulation of national health systems: the discourse of transformation in the conditions of the pandemic of infectious diseases	158
K.Zh. KUANDYKOV, M.K. ZHUSUPBEKOVA Concept and features of foreign economic transactions	168
R. MARHABA, ZH.T. SAIRAMBAEVA Comparative research on the arbitration mechanisms between China and Kazakhstan	177
A.A. NUKUSHEVA, G.T. BAYSALOVA, M.T. BEISENBAYEVA Legal regulation of the circulation and disposal of medical waste: China's experience and the possibility of its application in Kazakhstan	168
FU TING, K.ZH. ALTAYEVA Legal analysis of carbon tariffs – in terms of the article XX of the General tariffs and trade agreement in international trade	196
Legal monitoring	
K.E. ISMAGULOV, K.A. ISAEVA, ZH.Z. ZIYATOVA Problems of the efficiency of the Criminal procedure code	205
A.Zh. KIYAZOVA Legal bases of self-regulation of valuation activity in the Republic of Kazakhstan	214
From the lawmaking practice in the official language	
G.K. AKYLBKOVA, Z.K. ZHANGABYLOVA Industry terminology and terminology principles	224
Young researchers' tribune	
N.M. BERDYBAEV International university: concept, classification, development trends in scientific doctrine and mechanism of legal regulation	233
Z.N. AMANZHOLOVA Problems of the concept of «state of emergency»	243
A.R. KUMARBKOVA New Kazakhstan: main directions of constitutional reform	250
E.S. KUANDYKOVA State support in the field of agriculture in modern conditions: legal problems and prospects	258
The archive pages of the «Bulletin»	
A. M. AITUAROVA Returning to the scientific publication of PhD M.Zh. Kulikpaeva «International legal foundations of ensuring the right to privacy in the context of the development of digital technologies»	267
Bibliography	
RAKHIMBERDIN K.H. Criminal law: problems and paradigm of development (Review of M.R. Geta's monograph «Criminal Law: limits, objects and means of influence in the fight against crime in modern Russia». – Moscow: NORMA, 2016. – 316 p.)	276

«ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ» ТҮСІНІГІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Зарина Нұрбекқызы Аманжолова

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бас консультанты;
«М.С.Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ университеті» АҚ-ның докторанты,
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы; e-mail: zarina.amanzholova1986@gmail.com

Аннотация. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатында көрініс тапқандай, төтенше жағдай кезінде туындауы мүмкін қатерлердің алдын алу мақсатында зерттеу барысында анықталған олқылықтардың орнын толтыру үшін бұл бағытты құқықтық реттеуде негізгі екі заңның аясында қолданылатын ұғымдарға лингвистикалық және семантикалық талдаулар жүргізілді. Атап айтқанда, бұл мақалада Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» заңы мен «Азаматтық қорғау туралы» заңында қамтылған ұғымдық-терминологиялық аппаратын нысықтауға бағытталуына байланысты зерттеу жұмыстары барысында «төтенше жағдай» ұғымына қатысты туындауы мүмкін сәйкессіздіктерге талдау жүргізілді.

Автор төтенше жағдай режимін және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай режимін құқықтық реттеуге бағытталған заңнамалардың орыс және қазақ тілдеріндегі мәтіндерінде сәйкессіздіктерді анықтады. Заң мәтіндерінде аутентикалық фактісінің сақталмауын көрсете отырып, заңнамалық деңгейде құқық қолданушылар үшін қоғамдық қатынастарды дұрыс айқындамауға және заң нормаларын дұрыс қолданбауға алып келетін жағдаяттарды көрсетті.

Мақала аясында заңдардың орыс тіліндегі нұсқаларында қолданылатын «чрезвычайное положение» және «чрезвычайная ситуация» ұғымдарының қазақ тіліндегі заң мәтіндеріндегі аударма сәйкессіздігін дәлелдеу мақсатында олардың құқықтық табиғатындағы айырмашылықтарды көрсетті. Бұдан бөлек, автор бұл саладағы отандық тәжірибені басқа мемлекеттерде қалыптасқан тәжірибемен салыстыру үшін Қазақстанға таяу орналасқан бірнеше шет елдердің төтенше жағдай режимін реттеуге бағытталған нормативтік актілерін басшылыққа ала отырып, отандық қолданыстағы заңнамалардағы «төтенше жағдай» ұғымына сай келетін анықтаманы көрсетті. Мақалада аталмыш заңдардың қазақ және орыс тіліндегі нұсқаларында терминологиялық бірізділікті қалыптастыру үшін заңнамаға өзгерістер ұсынылды.

Түйін сөздер: төтенше жағдай, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай, табиғи сипаттағы төтенше жағдай, техногендік сипаттағы төтенше жағдай, аутентикалық мәтін, заңнамалық талдау, ұғымдық-терминологиялық аппарат.

ПРОБЛЕМЫ ПОНЯТИЯ «ЧРЕЗВЫЧАЙНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ»

Аманжолова Зарина Нурбековна

Главный консультант Верховного Суда Республики Казахстан; докторант
АО «Университет КАЗГЮУ имени М. С. Нарикбаева»,
г.Астана, Республика Казахстан, e-mail: zarina.amanzholova1986@gmail.com

Аннотация. Как указано в правовой политике Республики Казахстан до 2030 года, в целях исключения расхождений, которые могут возникнуть при режиме чрезвычайного положения, проанализировано понятие «чрезвычайного положения», применяемое в двух основных законах, направленных на правовое регулирование данной сферы. В частности, в данной статье проанализированы возникшие расхождения в отношении понятия «чрезвычайное положение», направленные на проработку понятийно-терминологического аппарата законов «О чрезвычайном положении» и «О гражданской защите».

Автор, указывая на несоблюдение аутентического факта в текстах на русском и казах-

ском языках законодательства, направленного на правовое регулирование чрезвычайного положения и режима чрезвычайной ситуации социального характера, на законодательном уровне указал на обстоятельства, приводящие к неправильному определению общественных отношений и неправильному применению норм закона.

В рамках статьи были продемонстрированы различия в правовой природе понятий «чрезвычайное положение» и «чрезвычайная ситуация», применяемых в русскоязычных версиях законов, с целью доказательства несоответствия их перевода на казахский язык. Автор, руководствуясь законодательными актами стран ближнего зарубежья, регулирующими режим чрезвычайного положения, указал определение, соответствующее понятию «чрезвычайное положение» в отечественном действующем законодательстве. В статье предложены изменения для формирования терминологической последовательности в казахском и русском вариантах данных законов.

Ключевые слова: чрезвычайное положение, чрезвычайная ситуация социального характера, чрезвычайная ситуация природного характера, чрезвычайная ситуация техногенного характера, аутентичный текст, законодательный анализ, понятийно-терминологический аппарат.

PROBLEMS OF THE CONCEPT OF «STATE OF EMERGENCY»

Amanzholova Zarina Nurbekovna

Chief Consultant of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan;
doctoral student of JSC «M. S. Narikbayev KAZGUU University»,
Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: zarina.amanzholova1986@gmail.com

Abstract. As indicated in the legal policy of the Republic of Kazakhstan until 2030, in order to exclude discrepancies that may arise during the state of emergency, the concept of “state of emergency” applied in two main laws aimed at the legal regulation of this area is analyzed. In particular, this article analyzes the differences that have arisen regarding the concept of “state of emergency”, aimed at working out the conceptual and terminological apparatus of the laws “On the state of emergency” and “On Civil Protection”.

The author, pointing to the non-compliance with the authentic fact in the texts in Russian and Kazakh languages of legislation aimed at the legal regulation of the state of emergency and the regime of the emergency situation of a social nature, at the legislative level pointed to the circumstances leading to the incorrect definition of public relations and the incorrect application of the law.

Within the framework of the article, differences in the legal nature of the concepts of “state of emergency” and “emergency situation” used in Russian-language versions of laws were demonstrated in order to prove the inconsistency of their translation into Kazakh. The author, guided by the legislative acts of neighboring countries regulating the state of emergency, indicated a definition corresponding to the concept of “state of emergency” in the domestic legislation in force. The article proposes changes for the formation of terminological sequence in the Kazakh and Russian versions of these laws.

Keywords: state of emergency, social emergency, natural emergency, technogenic emergency, authentic text, legislative analysis, conceptual and terminological apparatus.

DOI: 10.52026/2788-5291_2023_72_1_243

Қысқашы

Бүгінгі күні бүкіл адамзатқа қауіп төндіруге қауқарлы оқиғалардың негізінде олардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын жан-жақты шектеулерге жол беріліп жатыр. Соңғы жылдарда орын алған оқиғалар, төтенше жағдайлар әлем бойынша барлық

мемлекеттердің дерлік күнделікті қоғамдық өмірлеріне өз әсерін тигізді.

Әлемді дүр сілкіндірген COVID-19 пандемиясына байланысты мемлекеттердің көпшілігі төтенше жағдай режимін жариялап, адам құқықтары мен заңды бостандықтарына бұрын-соңды болмаған өзге де

әсер етуші шараларға жүгінді. Баршаға белгілі болып отырғандай, 2019 жылдың желтоқсанында Қытайдың Ухань қаласында вирустың өршуі алғаш рет тіркелді. Осыған байланысты 2020 жылдың 30 қаңтарында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы індетті қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдай деп жариялады.

Бұл орайда Қазақстан Республикасының төтенше жағдай режимін құқықтық реттеуге бағытталған заңнамаларда ұғымдық-терминологиялық тұрғыдан қайшылықтар зерттеу барысында анықталды. Сондықтан да отандық заңнаманы жетілдіру мақсатында мақала тақырыбының өзектілігі жоғары болып табылады, өйткені бұл қоғамдық қатынастарды дұрыс анықтауға кедергі келтіріп, тиісті заңнамалық нормаларды қолданбауға алып келеді.

Мақаланың мақсаты төтенше жағдай режимін құқықтық реттейтін заңнамалық актілерді қазақ тіліндегі нұсқаларын кешенді түрде зерттей отырып, осы саладағы заңнамаларды жетілдіру болып табылады. Зерттеу барысында отандық және таяу шет елдерінің төтенше жағдай режимін реттеуге арналған заңнамалары басшылыққа алынды.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу жұмысының аясында жалпы ғылыми және арнайы әдістер қолданылды, олардың ішінде: индукция, дедукция, анализ және синтез, жүйелік, салыстырмалы-құқықтық. Формальды заңи әдіс төтенше жағдай белгілерін зерттеуде де, құқықтық нормаларды талдауда да, олардағы кемшіліктер мен қайшылықтарды анықтауда, жаңа нормаларды құрастыруда қолданылады. Салыстырмалы-құқықтық әдіс мақала тақырыбы бойынша әртүрлі мемлекеттердің заңнамасын зерттеуде қажет болды.

Негізгі бөлім

Нәтижелер мен талқылау

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының COVID-19 коронавирусын пандемия деп жариялауына байланысты азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін 2020 жылдың 16 наурызынан бастап Қазақстан тарихында алғаш рет Президент Жар-

лығымен Республиканың барлық аумағында төтенше жағдай режимі енгізілді¹.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғалы соңғы онжылдықта төтенше жағдай режимі тәуелсіздіктің алдыңғы жылдарымен салыстырғанда әлдеқайда көп енгізілді. Төтенше жағдай режимін құқықтық реттеуге бағытталған отандық заңнамалық базаны саралай келе, «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы № 387 Заңы² мен «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңының³ нормаларында терминологиялық тұрғыдан сәйкессіздіктер анықталды.

Біріншіден, аталмыш екі заңда да «төтенше жағдай» ұғымы қамтылып, келесідей анықтама берілген:

«Азаматтық қорғау туралы» заңына сәйкес «төтенше жағдай – адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, елеулі материалдық нұқсанға және адамдардың тыныс-тіршілігі жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан аварияның, өрттің, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзаланың салдарынан қалыптасқан белгілі бір аумақтағы жағдай» делінген.

«Төтенше жағдай туралы» Заңның 1-бабында даулы екі терминге қатысты түсініктеме беріліп, «әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай» және «төтенше жағдай» терминдері бекітілген:

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай – адам шығындарына, денсаулыққа зиян келтіруге, елеулі мүліктік шығындарға немесе тұрғындардың тіршілік әрекеті жағдайының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан әлеуметтік қатынастар саласындағы белгілі бір аумақта қайшылықтар мен жанжалдардың туындауымен байланысты төтенше жағдай деген анықтама берілген.

Төтенше жағдай – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау мүдделерінде ғана қолданылатын және азаматтардың, шетелдік-

¹ «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығы \ \ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000285> [Дата обращения: 10.09.2022].

² «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы № 387 Заңы \ \ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000387> [Дата обращения: 10.09.2022].

³ «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңы \ \ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000188> [Дата обращения: 10.09.2022].

тердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін, мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметінің ерекше құқықтық режимі болып табылатын уақытша шара (1-баптың 5) тармақшасы).

Бұл анықтамалардан, «Азаматтық қорғау туралы» Заңда бекітілген «төтенше жағдай» ұғымының «Төтенше жағдай туралы» Заңда қамтылған «әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай» ұғымына мағынасы жағынан жақын келетіндігін байқауға болады.

Сондай-ақ, «Төтенше жағдай туралы» Заңда бекітілген «төтенше жағдай» ұғымы мағынасы жағынан әлдеқайда кең түсінік болып табылады. Оның салдары азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын мемлекет тарапынан шектейтін құқықтық режимге ұласуы мүмкін.

Осы орайда, профессор С.К. Идрышева-ның «Төтенше жағдайды жариялау - жеке тұлғалардың ғана емес, сонымен бірге заңды тұлғалардың қызметіне уақытша тыйым салу, шектеу, бұрын қабылданған міндеттемелерді орындауды және субъективті құқықтарды жүзеге асыруды мәжбүрлі түрде тоқтата тұру түрінде құқықтық салдарға әкелетін мораторийдің бір түрі» деген пікірімен келісеміз [1].

Екіншіден, «Төтенше жағдай туралы» заңның орыс және қазақ тіліндегі мәтіндерінде жоғарыда көрсетілген ұғымдардың анықтамаларында қайшылықтар бар. Нақтырақ айтатын болсақ, «әлеуметтік сипаттағы *төтенше жағдай*» ұғымы орыс тілінде «*чрезвычайная ситуация* социального характера» деп берілсе, ал «төтенше жағдай» ұғымы «чрезвычайное положение» ретінде көрсетілген. Сондай-ақ, «Азаматтық қорғау туралы» заңының қазақ тіліндегі нұсқасында «табиғи сипаттағы *төтенше жағдай*» және «техногендік сипаттағы *төтенше жағдай*» ұғымдары бар, осы ұғымдар заңның орыс тіліндегі редакциясында «*чрезвычайные ситуации* природного характера» және «*чрезвычайные ситуации* техногенного характера» деп берілген. Сол сияқты «Азаматтық қорғау туралы» заңның 1-бабының 66)-тармақшасында «*төтенше жағдай*» ұғымына анықтама берілген, ал осы ұғым орыс тіліндегі мәтінінде «*чрезвычайная ситуация*» деп көрсетілді. Ал «Төтенше жағдай туралы» заңның 1-бабының 5)-тармақшасында бекітілген «*төтенше жағдай*» ұғымы орыс тіліндегі нұсқасында «*чрезвычайное*

положение» деп анықталды. Сәйкесінше, көрсетілген ұғымдардың шынайы мәнімен, орыс тіліндегі мәтінімен салыстыратын болсақ олардың мағынасы, құқықтық мәртебесі, құқықтық салдары және т.б. мүлдем әртүрлі. Сондықтан да құқықтық табиғаты мен әлеуметтік мәні екі түрлі ұғымды орыс тілінен қазақ тіліне аудару барысында бір терминмен айқындауға болмайды.

Бұл тектес аудармадағы сәйкессіздіктерді заң шығарушының тарапынан орын алған ағаттық ретінде қарастыруға болады, өйткені тәжірибеде қалыптасқандай Қазақстанда заңдар немесе басқа да нормативтік құқықтық актілер алдымен орыс тілінде жазылады, кейін жеделдетілген тәртіппен қазақ тіліне аударылады. Бұдан бөлек, құқықтанушы сарапшылардың басым бөлігі заңи қазақ тілін білмегендіктен, заң жобасы мәтіндерінің бір-біріне екі тілде сәйкестігін тексермейді [2, 396.]. Соған байланысты осы «чрезвычайная ситуация» ұғымының аудармасы нақтылауды және қайшылықты жоюды талап етеді.

Демек, ҚР «Төтенше жағдай туралы» заңында (бұдан әрі Заң) көзделген «төтенше жағдай» (чрезвычайное положение) ұғымының кең көлемде қолданылған, ал «Азаматтық қорғау туралы» заңда көзделген «төтенше жағдай» (чрезвычайная ситуация) ұғымы шектелген, сол сияқты «әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай» ұғымының аясы тар болып табылады. Өйткені, ҚР «Төтенше жағдай туралы» заңның 3-1-бабының 1-тармағына сай әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдың мән-жайы төтенше жағдайды енгізуге негіз болып табылады.

Сондай-ақ, Заңда «чрезвычайное положение» және «чрезвычайная ситуация» ретінде бекітілген ұғымдардың құқықтық табиғатындағы айырмашылықтарға назар аударайық:

Термин

Жоғарыда айтылып өткендей, бұл екі ұғымның мәнін ашатын анықтамалар бір емес. Заңның аясында аталған терминдердің түсіндірілуінде өзгешеліктер бар.

Құқықтық режимнің енгізілу негіздері

Заңның 3-1 бабының 1-тармағына сай әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдың (бұдан әрі ТА) құқықтық режимі Қазақстан Республикасының демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне қатер төнген

және оны оқшаулау мен жоюды төтенше жағдай енгізілген кезде қолданылатын негізгі, қосымша шаралар мен уақытша шектеулер **енгізбестен**, әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік органдардың күшімен және құралдарымен жүзеге асыру мүмкін болатын жағдайда енгізіледі.

Заңның 4-бабының 1-тармағына сай төтенше жағдай (бұдан әрі ТЖ) Қазақстан Республикасының демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қауіп төнген және мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған жағдайда енгізіледі.

Бұл жерде төтенше жағдайдың, яғни «чрезвычайное положение» құқықтық режимі әлдеқайда қатал екендігін байқауға болады.

Енгізілу тәртібі

Әлеуметтік сипаттағы ТА-дың құқықтық режимі жекелеген жерлердегі әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік орган немесе облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жедел штаб басшысының шешімімен енгізіледі (Заңның 3-1 бабының 2-тармағы). Ал, ҚР бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде ТЖ ҚР Президентінің тиісті Жарлығымен енгізіледі (Заңның 5-бабының 1-тармағы).

Сонымен қатар, осы орайда, ТЖ-дың Қазақстанның бүкіл территориясында және оның жекелеген жерлерінде жариялануға жатады, әлеуметтік сипаттағы ТА-дың құқықтық режимін енгізу аясының ҚР жекелеген жерлерімен шектелгендігін байқауға болады.

Уақыт

Заңның 3-1 бабының 6-тармағына сай, әлеуметтік сипаттағы ТА-дың құқықтық режимінің қолданылу мерзімі оны енгізуге негіз болған мән-жайларды жою мерзімінен аспауы тиіс. Сондай-ақ, ТЖ-дың енгізілуі әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимінің күшін жоюға алып келеді.

Заңның 7-бабының 1-тармағына сай ТЖ ҚР бүкіл территориясында жарияланса,

30 тәуліктен, ал ҚР жекелеген жерлеріне жарияланса, 60 тәуліктен аспауы тиіс.

Әсері

Әлеуметтік сипаттағы ТА-ды жою үшін қолданылатын шектеу шараларымен таныса келе, бұл Заңның 3-4 бабы, және оны ТЖ-ды енгізу барысында қолданылатын шаралармен, бұл Заңның 15, 16-баптары, ТЖ-дың енгізілуімен қолданылатын уақытша шектеулердің қатаң екендігін байқадық, бұл кезде конституциялық құқықтар мен бостандықтардың шектелу аясы кең болып табылады.

Осылайша, орыс тілінде жазылған Заңның даулы екі ұғымға қатысты анық айырмашылықтары оның бастапқы бөлігінде-ақ көрініс табады, алайда құқықтық табиғаты екі бөлек екі ұғымды бір терминмен көрсету арқылы заңды дұрыс түсінбеуге алып келіп жатыр. «Төтенше жағдай туралы» заңда кеткен ағаттық басқа да заңдарға өз әсерін тигізу үстінде, өйткені «Азаматтық қорғау туралы» заңның преамбуласына назар аударатын болсақ, «төтенше жағдай» ұғымы қолданылған, ал орыс тіліндегі нұсқасында «чрезвычайная ситуация» деп берілген, сәйкесінше, бұл заңды қазақ тілінде оқыған адам заңмен реттелетін қоғамдық қатынастарды дұрыс айқындамайды, түсініспеушілікке алып келеді.

Төтенше жағдайға қатысты заңдардың қайшылықтарын жоюдың маңыздылығы Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында⁴ атап көрсетілген. Онда төтенше жағдай кезінде қазіргі заманғы қоғамның даму серпіні, жаңа қатерлердің туындауы ескеріле отырып, мемлекеттік басқарудың қолданыстағы тетіктері одан әрі пысықтауды, оның ішінде жобалық басқару арқылы пысықтауды қажет етеді делінген.

Осылайша, төтенше жағдай режимін құқықтық реттеуге бағытталған заңнамаларды жетілдіру мақсатында көршілес орналасқан таяу шет елдердің осы саладағы заңнамалық актілерін талдап өтелік.

Көршілес жатқан Өзбекстан мемлекетімен салыстыратын болсақ, онда COVID-19 пандемиясына байланысты төтенше жағдай туралы заңның болмауы төтенше жағдай режимін енгізуге жол бермеді, тек «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» 2015 жылғы 26 тамыздағы

⁴ «Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы \ \ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> [Дата обращения: 12.09.2022].

№ ЗРУ-393 Заңға сәйкес шектеу шаралары орын алған болатын. Ал «Төтенше жағдай туралы» Заңға Өзбекстан Республикасының Президенті 2021 жылдың 15 желтоқсанында қол қойды. Осы заңның орыс тіліндегі редакциясында «чрезвычайное положение» ұғымы көрсетілді, бұл ұғымға келесідей анықтама берілді:

«төтенше жағдай – Өзбекстан Республикасының Конституциясына сәйкес Өзбекстан Республикасының бүкіл аумағында немесе жекелеген жерлерінде уақытша енгізілетін, осы заңда көзделген мемлекеттік басқару органдары, жергілікті жерлердегі мемлекеттік билік органдары, азаматтардың өзін-өзі басқару органдары, ұйымдық-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымдар мен өзге де ұйымдар, олардың лауазымды адамдары қызметін, Өзбекстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарын жекелен шектеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін ерекше құқықтық режим»⁵.

Бұл анықтаманың ҚР «Төтенше жағдай туралы» заңында бекітілген «төтенше жағдай» ұғымымен мағыналас екендігін байқауға болады.

Қырғызстан Республикасының 1998 жылдың 24 қазанындағы №135 «Төтенше жағдай туралы» Конституциялық заңының орыс тіліндегі нұсқасының 1-бабында «чрезвычайное положение» ұғымына келесідей анықтама берілген:

«төтенше жағдай – Қырғыз Республикасының бүкіл аумағында не оның жекелеген жерлерінде енгізілетін, тек қана оның азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және конституциялық құрылысты қорғау мүддесінде қолданылатын және мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, меншік нысанына қарамастан ұйымдар қызметінің ерекше құқықтық режимі болып табылатын, азаматтардың, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарын жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктеуге

құқылы уақытша шара»⁶.

Бұл анықтаманың да ҚР «Төтенше жағдай туралы» Заңында бекітілген «төтенше жағдай» ұғымымен мағыналас екендігін аңғаруға болады.

Ресей Федерациясының 2001 жылғы «Төтенше жағдай туралы» Федералды Конституциялық Заңының 1-бабында «чрезвычайное положение» ұғымына келесідей анықтама берілді:

«төтенше жағдай – Ресей Федерациясының Конституциясына және осы Федералды Конституциялық заңға сәйкес Ресей Федерациясының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдық-құқықтық нысандары мен меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың, олардың лауазымды тұлғаларының, қоғамдық бірлестіктердің арнайы құқықтық режимі, осы Федералды Конституциялық заңмен белгіленген Ресей Федерациясы азаматтарының, шетел азаматтарының мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің құқықтарын жекелеген шектеуге жол беретін, сондай-ақ оларға қосымша міндеттер жүктеу жөніндегі шаралар»⁷.

Бұл анықтаманың да ҚР «Төтенше жағдай туралы» Заңында бекітілген «төтенше жағдай» ұғымымен мағыналас екендігін көруге болады.

Осылайша, Өзбекстан және Қырғызстан Республикалары мен Ресей Федерациясының төтенше жағдайды құқықтық реттеуге бағытталған нормативтік актілерінде қамтылған «төтенше жағдай» ұғымының отандық «Төтенше жағдай туралы» заңмен бекітілген «төтенше жағдай» ұғымына лексикалық және семантикалық тұрғыдан сәйкес келетіндігін анықтадық. Демек, еліміздің «Азаматтық қорғау туралы» заңымен берілген «төтенше жағдай» ұғымы «Төтенше жағдай туралы» заңындағы «төтенше жағдай» ұғымына сай келмейді деген қорытындыға келуге болады. Өйткені, біріншіден, «Төтенше жағдай туралы» заңдағы «төтенше жағдай» ұғымының мағынасы ауқымы жағынан кең, екіншіден, орыс тіліндегі де аудармалары бір-біріне сәйкес кел-

⁵ Конституционный закон Республики Узбекистан «О чрезвычайном положении» \\\ <https://lex.uz/docs/5774847> [Дата обращения: 19.09.2022].

⁶ Конституционный закон Кыргызской Республики от 24 октября 1998 года №136 «О чрезвычайном положении» \\\ <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/142> [Дата обращения: 19.09.2022].

⁷ Российская Федерация Федеральный конституционный закон от 30 мая 2001 года №3-ФКЗ «О чрезвычайном положении» \\\ http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_31866/ [Дата обращения: 19.09.2022].

мейтіндігін ескерсек, «чрезвычайное положение» және «чрезвычайная ситуация» ұғымдарын бір-біріне балама ретінде қолдану мүлдем дұрыс емес, себебі заңнама бұл екі ұғымға екі түрлі анықтама береді және «Төтенше жағдай туралы» заңға сәйкес төтенше ахуалдың мән-жайы төтенше жағдайды енгізуге негіз болып табылады, ал бұл екіншісінің мағынасы кең көлемде екендігін көрсетеді.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» заңның орыс тіліндегі нұсқасында «чрезвычайное положение» және «чрезвычайная ситуация» терминдері қолданыста болғандықтан, заңның орыс тіліндегі редакциясын оқу барысында түсініспеушіліктер туындамайды, себебі «ситуация» және «положение» сөздері орнымен қолданылған, алайда қазақ тіліндегі құқықтық мәні бөлек ұғымдарды бір сөзбен атауы заңды дұрыс түсінбеуге алып соғары хақ. Осылайша, заңдардың немесе басқа да

нормативтік актілердің қазақ тілінде жазылған нұсқасынан орыс тіліндегісінен айырмашылығы болмауы қажет деп санаймыз.

Осы орайда ұсыныс ретінде «чрезвычайное положение» терминін «төтенше жағдай» деп қалдырып, ал «чрезвычайная ситуация» түсінігін «төтенше ахуал» деп аталған Заңдарға өзгеріс енгізу қажет деп санаймыз. Өйткені, заң аясында қолданылатын ұғымдардың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінде аутентикалық мағынасы сақталуы тиіс.

Құқықтық табиғаты мен құқықтық салдары бөлек ұғымдарды бір-бірінен айырмашылығын көрсететіндей етіп нақты әрі анық түрде айқындап беретін болсақ, бұл қоғамдық қатынастарды орынды анықтауға, тиісті заңнамалық актілер мен нормаларды қолдануға және оларды дұрыс түсінуге және түсіндіруге жол ашады. Сондықтан да әр терминді түсіндіретін оның қазақ және орыс тілдеріндегі аудармаларында қателіктер болмауы тиіс.

ӘДЕБИЕТ

1. Идрышева С.К. Договор возмездного оказания туристских услуг и COVID-19. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34054439 [Дата обращения: 16.09.2022].
2. Идрышева С.К. Состояние конституционной законности в сфере применения государственного языка в законодательных актах Республики Казахстан // Вестник Института законодательства и правовой информации РК: научно-правовой журнал. №4 (62). 2020. - С. 35-42.

REFERENCES

1. Idrysheva S.K. Dogovor vozmeznogo okazaniia turistskikh uslug i COVID-19. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34054439 [Data obrashcheniya: 16.09.2022]
2. Idrysheva S.K. (2020). Sostoianie konstitutsionnoi zakonnosti v sfere primeneniia gosudarstvennogo iazyka v zakonodatelnykh aktakh Respubliki Kazakhstan. [State of constitutional legality in the sphere of state language application in the legislative acts of the Republic of Kazakhstan] Vestnik Instituta zakonodatelstva i pravovoi informatsii RK: nauchno-pravovoi zhurnal, 4 (62), 35-42.